05/15/2026 12:18

Автор: Беделбай Талига
Тараз қаласы.
Нұрғиса Тілендиев атындағы облыстық мектеп-интернат

Болмыс деген не өзі?

Адам өмір бойы бір нәрсені іздейді. Бірақ көбіне не іздеп жүргенін өзі де білмейді. Байқасаңыз, біз бақытты емес, мағынаны іздейміз. Себебі мағына бар жерде ауыртпалық та жеңіл көрінеді.Кейде тағдыр деп атайтын нәрсе — өзіміз батылдық етпеген шешімдердің көлеңкесі ғана. Біз өзімізді “солай болуы керек шығар” деп жұбатамыз, ал шын мәнінде солай таңдадық.Адамның ең үлкен қорқынышы -жалғыздық емес. Өз-өзімен бетпе-бет қалу. Себебі тыныштықта барлық шындық естіледі. Ал шындық әрдайым жайлы бола бермейді.Өмірдің қиындығы оның қысқалығында емес. Оның тез өтіп кететінінде де емес. Қиындығы -біз оны түсініп үлгермей жатып, бағаламай өткізіп алатынымызда.Мүмкін, өмірдің мәні - бәріне үлгеру емес.Өзіңді жоғалтпай өту шығар.